

Бұланды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 тамыздағы № 5С-40/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 қыркүйекте № 4978 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 ақпандағы № 6С-52/1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.02.2020 № 6С-52/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 қазандағы № 1131 "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 24.01.2019 № 6С-35/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Қоса беріліп отырған Бұланды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кезекті 40-сессияның төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Бұланды ауданының әкімі

21 тамыз 2015 жыл

Г.Желтов

Ш.Құсайынов

К.Испергенов

Бұланды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары

1. Осы Бұланды ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидалары бекіту туралы" (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) қаулысына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген "Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес әзірленді.

1. Жалпы ережелер

2. Осы қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани, мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қыын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Бұланды ауданының әкімінің шешімімен құрыллатын комиссия;

3) ең төмен күнкөріс деңгейі – Ақмола облысының статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қыын жағдай – азаматтың тыныс – тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган – "Бұланды аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті орган – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалы әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша Бұланды ауданының бөлімі;

9) участекілік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Бұланды ауданының ауыл, селолық округтер әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

10) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Ескерту. 2-тармақта өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 19.04.2016 № 6С-2/6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.08.2016 № 6С-5/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 24.01.2019 № 6С-35/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Осы қағидалар Бұланды ауданының аумағында тұрақты тұратын және тіркелген тұлғаларға таралады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 19.04.2016 № 6С-2/6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Осы қағидалардың мақсаттары үшін әлеуметтік көмек ретінде уәкілетті орган мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қызын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай нысанда көрсететін көмек түсініледі.

5. "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабында және "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек осы қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

6. Әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер немесе тиісті банктік операциялар жасауға лицензиялары бар ұйымдар ақшалай түрде, алушының есеп шоттарына аудару арқылы ұсынылады.

7. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын) көрсетіледі.

8. Әлеуметтік көмек көрсетілетін атаулы және мереке күндерінің тізбесі:

1) 9 мамыр – Женіс күні;

2) 1 қазан – Қарт күні;

3) қазанның екінші жексенбісі – Қазақстан Республикасының мүгедектер күні

4) алғыншы тасталды – Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 26.06.2019 № 6С-42/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 24.01.2019 № 6С-35/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 26.06.2019 № 6С-42/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Санаттар тізбесі және әлеуметтік көмектің шекті мөлшерлері

9. Әлеуметтік көмек азаматтардың келесі санаттарына беріледі:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

Қарттар күніне орай өтініш берусіз, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушылар, ең төмен және төмен зейнетақы алатын зейнеткерлер;

барлық санаттағы мүгедектерге;

денсаулық сақтау ұйымдарында есепке тұрған онкологиялық ауруымен ауыратындарға;

туберкулез ауруымен ауыратындарға;

табиғи апат немесе өрттің салдарынан зардал шеккен азаматтарға (отбасыларға);

табысы күн көріс деңгейіне жетпейтін аз қамтылған азаматтарға (отбасыларға);

ауылда мекендерде тұратын аз қамтылған және көп балалы отбасылардың студенттеріне;

бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғаларға;

Ауғанстанда әскери шараптар жүргізіліп жатқан кезде оқу-жаттығу жиындарына шақырылғандардың, әскери міндетті адамдарды қайтыс болғанда жерлеуге;

бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға;

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған негіздер;

2) ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгіленбейтін шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың бар болуы;

3) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан, азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру немесе әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 26.06.2019 № 6С-42/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Әлеуметтік көмек көрсетіледі:

1) 9 мамыр – Женіс Күніне:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысуышыларына теңестірілген басқа тұлғалардың санаттарына;

2) карт Күніне:

Карттар күніне орай өтініш берусіз, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушылар, ең төмен және төмен зейнетақы алатын зейнеткерлер;

3) Қазақстан Республикасының мүгедектер Күніне:

барлық санаттағы мүгедектерге.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 24.01.2019 № 6С-35/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. Әлеуметтік көмек өмірлік қыын жағдай туындаған кезде жылына бір рет келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

1) азаматтың (отбасының) кірісіне байланыссыз азаматтарда (отбасында) қыын тіршілік жағдайы туындаған кезде:

денсаулық сақтау ұйымдарында есепте түрған онкологиялық ауруымен ауыратындарға табыс мөлшері талап етілмей, он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ақмола облысы денсаулық сақтау басқармасының жаңындағы "Бұланды аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының тізімі негізінде туберкулез ауруларымен ауыратын адамдарға ем алу ақысы табыс мөлшері талап етілмей, он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босаған және пробация қызметінде тіркеуде түрған тұлғаларға табыс мөлшерін қажет етпей, бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) азаматқа (отбасына) табиғи зілзала немесе өрт салдары келген жағдайда ең төмен күн көріс деңгейін есептемеген жағдайда оқиға болғаннан кейін үш айдан кешіктірмей берген өтініштері бойынша азаматтарға (отбасыларға);

3) Ауғанстанда әскери шаралар жүргізіліп жатқан кезде оқу-жаттығу жиындарына шақырылғандардың, әскери міндеттілердің қайтыс болғанда жерлеуге он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) бірге тұратын төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасыларға жеңілдікпен жол жүруін қамтамасыз етуге тоқсан сайынғы көмек табыс мөлшерін қажет етпей (ағымдағы тоқсандық кестеге сәйкес маршруттық автобустардың жол жүру кестесі бойынша күніне 2 талон есебінен Макинск қаласының маршруттық автобустарында жол жүру талондары). Есепті айдан кейінгі 5-ші күннен кешіктірлмей қызмет көрсетушілердің шығындары көрсетілген қызмет актілеріне және жол жүру талондарына сәйкес төленеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 26.06.2019 № 6С-42/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне ай сайын облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер есебінен жүз пайыз мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі:

сүмен, жылумен, электр қуатымен қамтамасыз ету, канализация, қоқыстарды жою үшін қызмет көрсетушілері берген тізілімдеріне сай алушының шоттарына;

байланыс қызметтері (абоненттік төлемақы), газбен қамтамасыз ету үшін алушылардың жеке шоттарына;

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне жылу беру маусымы кезеңінде қатты отын шығындары алушылардың жеке шоттарына аудару арқылы немесе сатып алғынған қатты отынның түбіртегіне сәйкес өтеледі.

Жеңілдік Ұлы Отан соғысына қатысуышысы қолданған кезеңге дейін, бірге тұратын және тіркелген барлық отбасы мүшелеріне де әлеуметтік көмек көрсетіледі.

13. Ауылдық елді мекендерде тұратын аз қамтылған және көп балалы отбасылардың колледждерде ақы төлеу негізінде күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын студенттерге оқуын төлеуге арналған біржолғы көмек білім беру мекемесімен жасасқан келісім шарттың нотариалды куәландырылған көшермесі, оқу орнынан берілген азықтаманың және көп балалы отбасы санатын растайтын анықтаманың немесе өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алкышыларға жататынын растайтын анықтама негізінде жылына бір рет облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансфертер есебінен жылдық құнының жүз пайыздық мөлшерінде.

14. Алынып тасталды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 24.01.2019 № 6С-35/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Келесі санаттар азаматтарға бір жыл ішінде өмірдің қызын жағдайы туындаған кезде әлеуметтік көмек азаматтың (отбасының) ең төмен күнкөріс деңгейіне дейінгі жан басына шаққандағы орташа табысын есепке ала отырып:

1) аз қамтылған азаматтар (отбасылар).

16. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия анықтайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Әлеуметтік көмек мөлшерінің шекті мөлшері 50 айлық есептік көрсеткішке тең (қағиданың 12, 13 және 14 тармақтарына шекті көлемі таратылмауы тиіс).

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 20.03.2018 № 6С-21/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

17. Атаулы құндер мен мереке құндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей уәкілетті ұйымның немесе басқа да ұйымдардың ұсынымы бойынша Бұланды ауданының әкімдігі бекітетін тізім бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 24.01.2019 № 6С-35/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне өтінішке қоса мынадай құжаттарды:

1) жеке басын куәландыратын құжатты;

2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;

3) Улгілік қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес отбасының құрамы туралы мәліметтерді;

4) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтерді;

5) Ақмола облысының төтенше жағдайлар Департаменті Бұланды ауданының төтенше жағдайлар бөлімінен анықтама, өмірлік қызын жағдайдың туындағанын растайтын акті және/немесе құжатты ұсынады;

6) көп балалы ана мәртебесін растайтын құжат.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 26.06.2019 № 6С-42/1 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

20. Өмірлік қызын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде үәкілетті орган немесе ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін участекелік комиссияға жібереді.

21. Участекелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша Үлгілік қағидаларының 2, 3 қосымшаларға сәйкес нысындар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мүқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды үәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округ әкіміне жібереді.

Ауыл, ауылдық округ әкімі участекелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен үәкілетті органға жібереді.

22. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда үәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

23. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда үәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге үәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

24. Үәкілетті орган участекелік комиссиядан немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

25. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, он қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

26. Үәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағидаларының 22 және 23 тармақтарында көрсетілген жағдайларда уәкілетті орган өтініш берушіден немесе ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда-негізdemесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

28. алынып тасталды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.08.2016 № 6С-5/3 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

29. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

30. Әлеуметтік көмек ұсынуға шығыстарды қаржыландыру Бұланды ауданның бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негізdemелер

31. Әлеуметтік көмек:

1) алушы қайтыс болған;

2) Бұланды ауданының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

32. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтарылуға жатады.

5. Қорытынды ереже

33. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды үәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК